**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**

**НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**А.Л. Катков**

# Медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасының «аяқталу» фазасында, «жұмыс» фазасында, сонымен қатар психобелсенді заттарға тәуелділіктің рецидивке қарсы және қолдаушы терапия кезеңінде қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары

***Әдістемелік ұсыныстар***

**Павлодар, 2012**

**Катков А.Л.**

**Медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасының «аяқталу» фазасында, «жұмыс» фазасында, сонымен қатар психобелсенді заттарға тәуелділіктің рецидивке қарсы және қолдаушы терапия кезеңінде қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары: Әдістемелік ұсыныстар.** – Павлодар, 2012. – 50 б.

Әдістемелік ұсыныстарды м.ғ.д., проф. А.Л. Катков дайындады.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсыныстар наркология саласындағы мамандарға: психотерапевт-дәрігерлерге, психологтарға, әлеуметтік жұмысшыларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарда медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасының «аяқталу» фазасында, «жұмыс» фазасында, сонымен қатар психобелсенді заттарға тәуелділіктің рецидивке қарсы және қолдаушы терапия кезеңінде қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары егжейлі-тегжейлі сипатталады. Патологиялық (дефицитарлық) тұлғалық мәртебе сияқты базистік нысанмен психотерапевтік жұмысқа басты назар аударылады, өйткені сәйкес келетін емдеу – сауықтыру бағдарламаларының негізгі нәтижесі – химиялық тәуелді адамдарда қайтадан тартылуға психологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейін қалыптастыру осыған байланысты. Сонымен қатар, наркологиялық көмектің белгіленген кезеңдерінде стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдарын пайдаланудан медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасы резиденттерінің әдеттегі ішкі тұлғалық және тұлға аралық проблемалары тиімді шешіледі. Негізгі акцент пайдаланылатын техникалық тәсілдердің алуан түрлілігі мен кешенділігіне жасалады.

**Рецензенттер:**

Медицина ғылымдарының докторы Толстикова А.Ю.

Медицицна ғылымдарының докторы Кудьярова Г.М.

Әдістемелік ұсыныстар Нашақорлықтың медициналық әлеуметтік проблемаларының Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми кеңесінде қаралды (ғылыми кеңестің төрағасы – А.Т. Ескалиева, 2012 жылдың 17 қыркүйегіндегі № 268 хаттама).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық білім мен ғылым инновациялық технологиялар республикалық орталығымен келісілді және ұсынылды (2012 жылғы "23" қазан № 10 хаттама).

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе ……..4
1. Амбулаторлы/стационарлы сауықтыру, рецидивке қарсы және қолдаушы терапия кезеңіндегі стратегиялық полимодалды психотерапияның жалпы принциптері..…….……4
2. Психобелсенді заттарға тәуелділерді медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасының «жұмыс» фазасында қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары..…….....……5
3. Психобелсенді заттарға тәуелділерді медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасының «аяқталу» фазасында қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары ……..36
4. Рецидивке қарсы және қолдаушы терапия кезеңінде қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары..…46
Қорытынды ……..……..49
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....……50

**Кіріспе**

Наркологиялық ғылым мен тәжірибенің дамуының заманауи кезеңінде психобелсенді заттарға тәуелді болғандарды сауықтыру бағытына (Валентик Ю.В., Сирота Н.А., 2002; NIDA, 2000), сонымен қатар рецидивке қарсы және қолдаушы терапия бағдарламаларына баса назар аударылады (ПБЗ) (Пак Т.В., 2008; Дудко Т.Н., 2009; Катков А.Л., 2009). Атап айтқанда, көптеген зерттеулерде ПБЗ тәуелділерді толықтай медициналық әлеуметтік сауықтыру, рецидивке қарсы және қолдаушы терапияны қолдану терапевтік ремиссияның сапасын айтарлықтай арттырып, мерзімін ұзартатындығы көрсетілген (Кабанов М.М., 1976; NIDA, 2000).

ПБЗ тәуелділерді медициналық әлеуметтік сауықтырудың (МӘС) төмен құрылымдалған және жоғары құрылымдалған (кәсіби) бағдарламаларының негізгі компоненттері - психотерапевтік тәсілдер және технологиялар болып табылады (Батищев В.В., 1998; De Leon G., 1997, Даренский И.Д., Белокрылов И.В., 2011; Катков А.Л., 2011).

Оған қоса, наркологиялық көмек саласында пайдаланылатын әдістерді және кәсіби психотерапевтік тәсілдерді жүзеге асыруды репрезентативтік зерттеу нәтижелері бойынша, атап айтқанда ПБЗ тәуелділерді МӘС бағдарламасының, рецидивке қарсы және қолдаушы терапияның негізгі кезеңдерінде айтарлықтай қиындықтар кездеседі. Мұндай проблемалардың басым бөлігін кәсіби психотерапия технологияларын және әдістерін кешенді жүзеге асырудың әдістемелік мәселелерінің әлсіздігіне жатқызуға болады (Катков А.Л., Макаров В.В., 2009).

Осы әдістемелік ұсыныстар айтарлықтай дәрежеде аталған проблемаларды шешеді, өйткені СПП негізгі тәсілінің мәні де сол әртүрлі психотерапевтік модальдықтың тиімді үйлесу мүмкіндігінде, олар екі деңгейлі дамытушы коммуникация кеңістігін тиісінше макротехнологиялық және метатехнологиялық дайындағанда адекватты терапевтік стратегияның жалпы контекстінде жүзеге асырылады.

**1. Амбулаторлы/стационарлы сауықтыру, рецидивке қарсы және қолдаушы терапия кезеңіндегі стратегиялық полимодалды психотерапияның жалпы принциптері**

Стратегиялық полимодалды психотерапия (СПП) – авторлық әдіс, біз оны 2001-2010 жж. кезеңінде дайындадық, ол базистік коммуникацияны өзіне тән макротехнологиялық және метатехнологиялық дайындауды, сондай-ақ ПБЗ тәуелділерді емдеу және сауықтыруда (когнитивті, мінез-құлық, ресурстық-бағытталған, арт-терапия, психодрама, топтық психотерапия және т.б.) пайдаланылатын кәсіби психотерапияның негізгі әдістерінің тиімді үйлесу принциптерін қамтиды. ПБЗ тәуелділіктің рецидивке қарсы және қолдаушы терапиялар: патологиялық тұлғалық мәртебе, мотивациялық өріс, химиялық тәуелді тұлғалардың патологиялық әлеуметтік мәртебе ы, сондай-ақ туысқандары мен жақындарының бірдей тәуелді болуы синдромы. Мұнда патологиялық тұлғалық мәртебе (ПБЗ тәуелділікке қайтадан түсуге тұрақтылықтың жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін қасиеттер жеткіліксіздігінің базистік сипаттамаларын

қамтиды) ең маңыздысы болып табылады, ол наркологиялық көмектің барлық белгіленген кезеңдерінің тура нысаны.

Сауықтыру бағдарламасының жұмыс фазасында және аяқталу фазасында жұмыс жүргізіліп жатқан осыған ұқсас ұғына бермейтін проблемалар патологиялық тәуелділікті «жеңілу» сценарияның басып кетуімен, өз-өзіне деген базистік сенімсіздікпен байланысты. Қайталануға қарсы және қолдаушы терапия кезеңіндегі мұндай проблемалар көбінесе өмірден рахат алу үшін, қанағаттану үшін альтернативті амалдарға және қосымша ресурстарға деген сұраныс болып табылады.

МӘС бағдарламасының резиденттерінің «жұмыс» фазасынан өту барысында көбінесе алға тартатын сауалдары келесідей: өзін-өзі бағалаудың төмендігі, өзінің тәуелділіктен құтылу және босау мүмкіншілігіне деген сенімсіздігі, ескерілмей кеткен өкпе және кінәлілік сезімі. «Жұмыс» фазасынан өту барысына тән проблемалар және көмекке сауалдар келесідей болып табылады: жазылып шығар алдындағы үрей, өз әуестігінің қайтып келуінің үрейі, қалыпты өмір сүру қажеттілігі алдындағы үрей мен сасқалақтау сезімі. Қайталануға қарсы және қолдаушы терапия кезеңіндегі жиі кездесетін сауалдар келесідей тәртіпте болады: «энергия, күш жетіспейді; кеудедегі үмітсіздік (қуыстық), немен толтырарымды, білмеймін; өмір тірегін қай жерден іздерімді білмеймін».

Жоғарыда келтірілген СПП технологияларды пайдалану арқылы наркологиялық көмек көрсетудің барлық белгіленген кезеңде шешілетін әмбебап терапевтік міндеттерр мыналар: ПБЗ тәуелділікке қайта түсуге тұрақтылықтың жоғарғы деңгейін дамыту, сабырлылықты сақтау және өмірлік мақсаттарға қол жеткізуге табанды мотивацияны қалыптастыру, қоршаған ортамен арадағы қарым-қатынастың ресурстық жүйесін құру болып табылады.

Айтылған және ұғына бермейтін проблемаларды тиімді шешумен байланысты арнайы психотерапевтік міндеттер наркологиялық көмектің белгіленген фазалары мен кезеңдерінде пайдаланылатын СПП макротехнологиялық, метатехнологиялық және құрылымдық-технологиялық тәсілдерінің арқасында орындалады.

СПП-ның макротехнологиялық және метатехнологиялық тәсілдері ұсынылып отырған құрылымдық техникалардың гиперпротекциясын қамтамасыз ететін жағдайларды қалыптастырады.

Олардың толығырақ сипаттамасы жарық көрген басқа әдістемелік материалдарда берілген (Катков А.Л., 2012).

## 2. Психобелсенді заттарға тәуелділерді медициналық әлеуметтік сауықтыру бағдарламасының «жұмыс» фазасында қолданылатын стратегиялық полимодалды психотерапияның құрылымдалған техникалары

Өзін-өзі бағалаудың төмендігі, өз-өзіне деген базистік сенімсіздік, өзінің тәуелділіктен құтылу және босау мүмкіншілігіне деген сенімсіздігі сияқты проблемалық блоктармен жұмыс жасағанда (бұл проблемалар жалпы психогенез негізінде біріктірілген) мыналар пайдаланылады:

1) «Портрет» атты арнайы ширату техникасы – оның негізгі мәні өзін-өзі төмен бағалайтын, базистік сенімсіз және біреудің пікіріне тәуелді пациенттер топтағы тұлғалардан кері байланыс алады, бұл олардың өзін-өзі бағалауын арттырады және алдына қойған мақсатқа қол жеткізу мүмкіншілігі жағынан үміттендіреді.

Техникалық әрекет қатысушылар күйін бағалаудың стандартты процедуралары жүргізілгеннен кейін терапевтік сессияның алдында басталады, оның барысында сәйкес проблемалық жағдайлар айтылады («кез-келген қиын жағдайларда сенімсіздікті сезінемін», «өз-өзіме сенбеймін», «үнемі еш нәрсеге қол жеткізе алмайтындығымды ойлаймын» және т.б.). Терапевт топ қатысушыларының назарын келесідей айқын фактіге аударады, адам өзі туралы барлығын біле алмайды – міндетті түрде оның жеке тұлғасының, мінез-құлығының қандай да бір бөлігі болады, ол оны білмейді де, алайда қалағанда және баса көңіл бөлсе бұл маңызды бөлікті «сырт жағынан» байқауға болады. Мұндай жағдайда адамның портреті оның әдеттегі бейнесінен біршама ерекшеленеді, бұлай болғанда өмірде көмектескенге қарағанда әлдеқайда кедергі келтіреді. Бұдан әрі терапевт қатысушыларға жұпқа бөлінуді (мүмкіндігінше үлкен резиденттер проблемалы пациенттермен жұп болып жұмыс жасауын қадағалау керек, алайда бұл орындалуы міндетті шарт емес) және кімнің «суретші», ал кімнің «модель» екенін анықтап алуды ұсынады. Суретшінің міндеті – әріптесінің тұлғасының «ұйқыдағы» бөлігін көріп, оның ауызша портретін жасау болып табылады. Бұдан кейін олар рөлдерімен ауысады. Әдетте, жайбарақат және сенім білдірілген жағдай орын алғанда, қажетті сөздер мен бейнелері табылады. Бұл әрекеттің басында терапевт қандай да бір пациентті үлгі ретінде алып, мұның қалай жасалатындығын көрсете алады. Жаттығу тұрған қалпы жасалады. Қатысушыларға әріптесті кем дегенде үш рет ауыстыру ұсынылады, бұл оның өзінің ашылмай қалған потенциялының аз дегенде үш сипаттамасын естуі үшін жасалады. Техникалық әрекеттердің жүзеге асырылуына қарай қатысушыларды тарту дәрежесі арта түседі. Топтың бірінші ретті ресурстық жағдайға түсуі «шу» деңгейінің артыуын куәландырады. Техникалық әрекеттің соңында қысқаша кері байланыс жасалады, оның барысында проблемалы пациенттердің жағдайының позитивті өзгерісіне назар аударылады.

2) «Ресурстық тәжірибе» атты арнайы ширату техникасы – бұл техникалық әрекеттің мәні стрестік жағдайда өзін ұстау тәжірибелерін игеру және актуализациялау, қорқыныш деңгейін төмендету, осыған ұқсас жағдайларға қатысты иррациональдық проекциядан құтылу болып табылады.

Техникалық әрекет қатысушылар күйін сұрастырудың стандартты процедуралары жүргізілгеннен кейін терапевтік сессияның басында және күрделі, белгісіз жағдайларда сенімділікті арттыру үшін сәйкес келетін өзекті сұрауды анықтағанда көрсетіледі. Терапевт топтың назарын қиын, стрестік жағдайларда туындайтын – қорқыныш, сенімсіздік, мазасыздану сезімдері – қалыпты адамдық реакция екеніне аударады, ол дискомфорт ретінде бастан өткеріледі, алайда сонымен қатар ол шығар жолды белсенді түрде іздеуді мобилизациялайды. Әрбір адамның өмірінде мұндай жағдайлар бірнеше рет туындайды. Кей кездері олар қалыптасқан өмір салтын өзгертетін сәттер болады. Бұдан әрі қатысушыларға

жұпқа бөліну және әріптесімен одан шығар жолды өзінің күш салуының арқасында тапқан, басынан өткізген кризистік жағдайлар туралы естеліктерімен бөлісу ұсынылады. Ол кезде кризистік күйзелістің шегіне жеткендегі сезімді де, жағдай оңтайлы шешілгеннен кейінгі сезімді де өзінің ойындағысындай еске түсіру керек. Осы жаттығу аяқталғаннан кейін қатысушылар шеңберге бұрылады да, жүргізуші әріптестердің әр қайсысына өзі екіншісінен естіген оқиғаны (соңғысының келісімімен) айтып беруді ұсынады. Осындай әңгімелеп беру барысында терапевт қысқа да, нақты түсініктемелер береді, ол әр қатысушының тәжірибесінің құндылығын позитивті түрде бекітеді және айғақтайды – яғни топ арасында осы тәжірибе адекватты түрде қабылданып, бекітілуіне жағдай жасайды. Адамды «күшті» немесе «әлсіз» ететін белгісіз жағдайлардағы сенімсіздік сезімі емес, бұдан шығар жолды және бұдан құтылуды іздестіру бағытындағы белсенді әрекеттің болуы немесе болмауы екендігі туралы фактіге әдейі баса назар аударылады. Санаға қонатын әрекеттің басталуымен қорқыныш пен сенімсіздік деңгейі бірден төмендейді (әдетте, бұл жөнінде топ қатысушыларының барлығы хабарлайды). Сонымен қатар, қолайсыз эмоционалдық фоннан құтылатын қарапайым ережелер де бар – «шпаргалка», «стреске қарсы гимнастика» – бұлар арнайы терапевтік сессияларда істелетін болады. Техникалық әрекет қатысушылардың өзін-өзі сезінуіне қарай қысқаша кері байланыспен аяқталады. Проблемалы пациенттердің белсенділігі мен эмоционалдық фонының артуын келісуге боларлық нәтиже деп санауға болады.

3) «Айналдыру» атты арнайы ширату техникасы – бағалау критерилерін өзгерту мақсатында пайдаланылады, оларды пациенттер өздерінің «кемшіліктерін» квалификациялауда қолданады, олар көбінесе өзін-өзі төмен бағалаудың себептері болып табылады.

Осы ширату техникасын жүргізу терапевтік сессияның бастапқы кезеңінде сәйкес келетін өзекті сұрауды анықтағанда көрсетіледі. Техникалық әрекет терапевтің топ қатысушыларына танысудың ерекше формасын өткізуді ұсынуынан басталады. Қатысушылардың барлығы бір-бірі туралы көптеген мағлұмат білгеннен кейін, әріптестеріне өзінің кемшіліктері туралы қандай да бір «құпияларды» сенім білдіріп айтатын кез келді. Терапевт қатысушыларға жұпқа бөлінуді ұсынады, оларда шамалап алғанда келесідей формадағы «мойындаулар» жасалатын болады: біз бір-бірімізді жеткілікті білеміз, өзіміз туралы да көп нәрсе білдік. Мен, мысалға, менде … (бұдан әрі қатысушылар өз бойынан өзі тапқан немесе қоршағандардың көмегімен тапқан адамгершілік қасиеттерін тізіп шығу керек)… сияқты абыройымның бар екенін білемін, бірақ кемшіліктерім де бар … (пациент өзі айта алатын бір немесе екі кемшілік сипатталады). Бұдан әрі терапевт жұп арасында таныстықты ұйымдастыруды ұсынады – әр жұп кем дегенде қатысушылардың басқа үш жұбымен танысуы қажет – қатысушылар өз-өздерін емес, бір-бірін таныстыруы тиіс. Мұнда әріптес өз бойындағы кемшілік ретінде айтқан қасиетті оның ең басты адамгершілік қасиеті етіп көрсету керек. Пациенттер бұл жаттығуда жасанды креативтілік көрсетуі қажет, олар әр келесі жұпқа әріптесінің мінез-құлқының «айрықша адамгершілік қасиеті» жағынан алуан түрлі аргументтер ұсынуы тиіс. Оған қоса өзі туралы айтқанға қарағанда біреу туралы айтқан қашанда оңай. Сонымен қатар әрптестен естіген өзінің

кемшілігі туралы «теріс айналдырылған» ақпарат, пациенттің өзі айтқанына қарағанда әлдеқайда сенім білдірудің жоғарғы деңгейімен қабылданады. Қажет болған жағдайда терапевт жұптасып танысу процедурасының осыған ұқсас үлгісін көрсетеді, одан кейін техникалық әрекеттің белсенді фазасы басталады. Әдетте, жұптасып танысу процедурасының созылуы және пациенттердің креативтік белсенділігінің артуы байқалады, бұл топ қатысушыларында бірінші реттік ресурстық жағдайдың қалыптасуын куәландырады. Жаттығу орындалғаннан кейін қысқаша кері байланыс жасалады, оның барысында топ назары проблемалы пациенттердің жағдайының өзгеруіне аударылады. Терапевт жүргізілген техниканы талқылау процессіне ынталандырады – топ нені үйренді, қатысушылар өзінің кемшіліктеріне енді қалай қарайды, бұған дейін айтылып отырған қасиеттер кемшілік деп қаралған ережелерге не болды және т.б. Бұл жерде проблемалы пациенттердің өзін-өзі төмен бағалауды өзгертуге дайындығын жақсы нәтиже деп санауға болады.

4) «Пьедестал» техникасы (когнитивтік компонентке сүйеніп) – бұл технологиялық тәсілдің негізгі терапевтік идеясы мынада, пациент сенімсіз әрекет етудің, өз-өзіне деген сенімсіздіктің механизмі және пайда болу көзі туралы, осы проблеманы тиімді сабырлықпен шешу үшін қажет «пьедестал» – фундаменті туралы нақты, айғақ түсініктер ала отырып, – осы саладағы олар үшін белгісіздіктің қиындықтарынан құтылады. Осы техниканы жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын, сенімді әрекет етуді қалыптастыру бойынша ойлап жасалған жоспардың өзі тұрақты ресурстық жағдайдың сипаттамасы – толықтай фундаменттің маңызды тасы болып табылады.

Техникалық әрекет рөлдік қызметтермен біріктірілген милық штурм түрінде жүргізіледі. Бірінші кезеңде топ арасында өз-өзіне деген сенімсіздіктің себептері туралы пікірталас жүргізіледі. Топ қатысушылары айтқан идеялар алдыман тақтаға жазылады, жүйелендіріледі, қайталанғандары алынып тасталады. Терапевт топтың және жеке қатысушылардың шығармашылық белсенділігін барынша көтермелеп отырады. Ол сонымен қатар сенімсіздіктің негізгі компоненттерінің – адамнан тек жетілу күтіледі деген сынсыз игерілген ережелерге негізделген, өзіне қойған талаптың аса жоғары болуы; әрекет пен іс-қимылды тек қоршағандар ғана бағалауға құқылы деген пайдасыз сенімділік; өзін-өзі бағалаудың төмендігі; күлкіге қалуға, бетін қайтарып тастауға деген қорқыныш; сезімді білдіру дағдысының болмауының – топ назарынан тыс қалмауын қадағалайды. Бұдан әрі бастамашыл қатысушылардан оларда сенімсіздік әрекеттің негізгі компоненттерінің болуы анықталады, олардан өз-өзіне деген сенімсіздіктің бірінші пьедестал-фундаменті қалыптыстырылады. Мұндай «пьедесталдың» негізін өздерінің қалыптарында, қылықтарында аталған қасиеттерді бейнелейтін пациенттер құрайды. Осы бірінші фундамент қалыптастырылғаннан кейін, бастамашыл қатысушышлардың әрқайсысы осы пьедесталда тұрғандай етіп көрсетілген сенімсіз адамның әрекеті, іс-қимылы және ойы туралы пікірін білдіре алады – яғни мұқият анықтап алу қажет проблеманың бір ортақ бейнесі жасалады. Анықтап алу дегеніміз не? – бұл оны құрамдас бөліктерге бөлшектеп, әр бөлікті қалай өзгертуге болатынын түсіну, және қайта қалыптастырылған бөлшектерді қайтадан жаңа фундаментке біріктіру

қажеттілігін білдіреді – енді өз-өзіне сенімді адамның фигурасы тұратын екінші пьедестал. Бұл процесс те милық штурм шеңберінде жасалады, оның барысында топ қатысушылары қандай әдіспен: артырылған талаптар фрагментін өзін кез келген жағдайда еркін сезінуге мүмкіндік беретін адекватты ережелер мен сенушіліктерге; тек сыртқы бағалаудың тірек фрагментін – үйлесімді сыртқы және ішкі бағалауға; өзін- өзі төмен бағалау компонентін – адекваттық бағалауға; күлкіге қалуға, бетін қайтарып тастауға деген қорқынышты – эмоционалдық күйді реттей білуге; коммуникативтік дағдының және сезімді білдіру дағдысының болмауын – осы салада адекватты дағдыларды қалыптастыруға ауыстыруға болатындығын шешеді. Осы барлық жаңа компоненттер және олардың «дайындау» бойынша рецептері де тақтаға немесе флипчарттта жазылады. Қайталанушылықтар алынып тасталғаннан кейін, осы жазбалардың негізінде «дайындау» рецептін ұсынған бастамашыл пациенттерден «пьедестал-2» қалыптасады. Әрбір пациент өз-өзіне сенімді адамның белгілі бір қасиеттерін көрсетеді, осы жағдайдың белгілі бір компонентін айқын білдіретін сезімдерді, ойларды және әрекет ету амалдарын сипаттайды. Осылайша, осы фундаментке орналасатын, өз-өзіне сенімді тұлғаның жалпы бейнесі қалыптасады, әрине ол «осындай болып туған» жоқ, ол бұған белгілі бір қасиеттерді дамытуға ұмтылудың арқасында жетті. Осы жерде терапевт топ назарын тағы да терапевтік процестің қатысушылары жасаған, жазған және игерген қасчиеттерді дамытудың нақты «рецептіне» аударады. Ендігі іс тек қана белгілеп қойылған бағдарламаны қайраттылықпен орындауда. Бұдан әрі, техникалық әрекеттің соңында қатысушылар күйін бағалау және кері байланыс процедурасы, өткізілген сессия материалдары бойынша пікірталас жүргізіледі. Қатысушылардың өз-өзіне деген сенімсіздіктің негізгі көздерін түсінуін және осы жағдайда сабырлылық таныту бойынша адекватты жоспарларды жасауын қанағаттанарлық нәтиже деп санауға болады.

Бұл әрекет бағдарламасын қарапайым технологиялардан бастап күрделіге қарай жүзеге асырған дұрыс. Бұл тренингті бағдарламаларға да (бұған аз дегенде коммуникативтілік, сензитивтілік, ассертивтілік тренингтері кіруі тиіс), психотерапевтік технологияларға да қатысты.

5) Эмоционалдық күйді басқару бойынша қарапайым техникалық әдістер блогы – бұл жердегі басты идея мынада, әдетте сенімсіздік, белгісіздік жағдайында бастан өткеретін эмоционалдық дискомфорт (үрей, қорқыныш, мазасыздану) адам жақсы игерген дағдылардың өзін күшпен орындаған кезде, өздігінен сенімсіздіктің «әрекеттегі табандылық» блоктан шығаруға көмектееді. Осы мақсатта пайдаланылатын техникалар:

- «шпаргалка» – бұл техникалық әрекеттің мәні келесіде: бастамашыл пациенттерден алдымен жаттап алуды, санасында дайындық жасауды, содан кейін рөлдік әрекетте қарапайым «үш жүріс» жасауды сұрайды – 1. Стандартты проблемалық жағдайда (мысалға, аудитория алдына шыққан кездің басында) не сезінгендігін айту; 2. Не жасамақ екенін айту; 3. Осыны жасай бастау.

Техниканы жүзеге асыру үшін пациент көбінесе сенімсіздік күйді басынан өткізетін жағдайды таңдап алу керек. Бұл жердегі маңызды сәт пациенттің өзінің эмоционалдық күйі туралы пікірін айтуы. Рөлдік ойын барысында ол осындай

пікір білдіру аудиторияны түсіну және қолдау көрсету жағына бұратындығына көз жеткізе алады. Оның өзі де жеңілдеп қалады, өйткені жай ғана айтып беруге болатын сол сезімдерді білдірмес үшін шамадан тыс ешқандай күш салудың қажеті жоқ. Бұдан әрі, белсенді әрекет етуге дейінгі уақыт кезеңі айтарлықтай қысқарады, оның барысында жағдай әлдеқайда анығырақ бола бастайды;

- стреске қарсы гимнастика (5–6 минут бойы екі жағынан Хэ-Гу нүктесіне массаж; терең диафрагмалық тыныс алу; ыстық ылғалды орамалмен бетке массаж – 5-6 минут) – бұл техника оның нейрофизиологиялық негізімен алдыңғы бөлімде сипатталды;

- «құлаштау» техникасы – яғни басқарылатын елестету, оның барысында пациентке ұсынылатыны 1. Бір немесе бірнеше «кадрларда» осы сияқты проблемалық жағдайларда қорқыныш, сенімсіздік күйіне жағдай жасайтын қорқыныш немесе жеңіліс табатын сценарилерді теңестіру; 2. Пациенттің сенімді әрекетін көрсететін «оптимистік» кадр – сценариді құрастыру; 3. Сериялық қайталаудың (талап етілген эффект пайда болғанша) есебінен бірінші «кадрды» екіншісіне ауыстыру техникасын игеру. Бұл жерде қабылдауға болатын нәтиже қалыпты қорқынышты салтты және оның тұрақтылығын позитивті сценарилік «кадрмен» ауыстыру болады. Осы техниканы пайдаланудан сенімсіздіктің эмоционалдық құрамын «разгон» басты механизмдерінің бірі жабылады.

6) Эмоционалдық күйді коррекциялау бойынша кешенді техникалар блогы (бұл техникалар алдыңғы бөлімде сипатталды – эмоционалдық күйзеліс проблемаларымен жұмыс бойынша 3-7 техникалар).

7) Когнитивті терапия технолгиялары (А. Бек, А. Эллис бойынша), өз-өзіне сенімсіздікпен байланысты проблемалық жағдайларда адекватты емес эмоционалдық және мінез-құлықтық реакцияларды, иррационалдық ережелер мен құралдарды коррекциялауға бағытталған.

Техникалық әрекет (А, В, С) моделдерінде проблемалық жағдайлардың презентациясы ережелерін талқылаудан басталады, мұнда А – дискомфорттық реакция пайда болатын қалыптасқан жағдай; В –осы реакция соған сәйкес қалыптасатын ережелер мен сенімдер; С – белгілі жағдайда туындайтын сезімдердің сипаттамасы. Мұнда тақта несеме флипчарт пайдаланылады, оларға тиісті схема жазылады. Бірінші А және С позициялары толтырылады, олармен барлығы әлдеқайда түсінікті: ұқсас жағдайларда … Мен басымнан өткеремін … (бұл жерге әдетте сенімсіздік күйге жағдай жасайтын сезімдер – үрей, қорқыныш, келеңсіз бір нәрсені күту, қашып құтылмайтын сәтсіздік туралы ойлар, гипертрофирленген өзіндік сын және т.б.). Бұдан әрі иррационалды ережелер мен сенімдертеңестіріледі – В позициясы – оларға сәйкес бастамашыл пациентте өзіндік сапалық кемшілік, сенімсіздік, еш нәрсеге жарамсыздық сезімдері шиеленіседі. Бұл пациенттің өзінің де, иррационалдық ережелерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін нұсқаларды ұсынған барлық топтың да табанды күш салуын талап етеді, алайда соңғы сөз қашанда бастамашыл пациентке тиесілі.

Келесі кезеңде тірегімен иррационалдық ережелерді өзгерту бойынша жұмыстар жасалады 1. Клиенттің дұрыс мағынасы; 2. Иррационалды ережелер негізінде жатқан гипотезалардың айқын және белгіленген фактімен сәйкес

келмеуі; 3. Топтың және терапевтің үнемі қолдауы мен креативті көмегі. Бұл жағдайларда, мүмкін өмірінде бірінші рет өз өмір салтының қалыптасуын анық көріп отырған бастамашыл пациент олардың жөнсіз екенін және ақылға симатындығын тез түсінеді, тек осыдан кейін ғана мұны бұрын байқамағандығына және мән бермегендігіне таңданады. Бұдан әрі ережелердің бастапқы нұсқасы жаңасына ауысады, ол дұрыс мағынасына тірекпен қалыптасады. Бұл процесті де біртіндеп-біртіндеп, қадамдап алдыңғы нұсқаны пациент сөзсіз қабылдаған шекке дейін ғана жасау қажет. Параллельді түрде С позициясы да өзгереді. Яғни осылайша пациенттің проблемалы жағдайға оңтайлы реакциясының жаңартылған жапсарласқан сценариі қалыптасады. Техникалық әрекеттің соңында экологиялық тексеру жүргізген дұрыс – жаңа ережелер (Дж. Каутел бойынша белсенді елестету техникасы) бойынша ұйымдастырылған проблемалық жағдайда клиенттің көрсететін реакциясын дайындау; проблемалық жағдайды рөлде ойнау. Клиенттің бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да эмоционалдық комфорт сезімімен қоса өзін сенімді, жайбарақат ұстап әрекет етуін қабылдауға болатын нәтиже деп санауға болады.

8) өзін-өзі төмен бағалау негізінде жатқан, иррацияландық ережелерді коррекциялауға акцент жасаумен когнитивті терапия техникасы. Бұл техникалық тәсілдерді терапевтік бағдарлама бойынша алдыға жылжыған, өздерінің мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланатын диссоциирленген тұлғалық мәртебе тар (Мен-баламын, Мен-ата-анамын, Мен-ересекпін, Мен-нашақормын, маскүнеммін) және стратегиялар туралы түсінігі бар үлкен резиденттерге қолданған дұрыс. Мұндай жағдайларды топ арасында қосымша айтып және шыдап отыру қажет, өйткені жеткілікті дайындығы жоқ резиденттерде терапевтік контекст әдістемесі туралы кері пікір және «Мен-нашақормын, маскүнеммін» тұлғалық мәртебе ы позициясының күшеюіне еркінен тыс импульс қалыптасуы мүмкін. Бұдан әрі, бұл жерде техникалық әрекет бастамашыл пациенттерге конструктивті өмір сценариін қалыптастыру процесі ретінде ұсынылуы мүмкін екенін назарда ұстау қажет, яғни бұл терапевтік бағдарламалардың маңызды және әмбебап міндеттеріне қатысты тиімді окон-техникалардың мысалы.

Техникалық әрекет айтылған проблеманы және әңгіме өзін-өзі төмен бағалауда екенін түсінуді тура теңестіруден басталады, клиент мұның адекватты еместігін түсінеді, «алайда онымен ештеңе жасай алмайды». Бұдан әрі терапевт осындай сәйкессіздіктің және бұл жағдайды өз бетінше өзгерту мүмкін болмаудың себептерін ашу мақсатында топтық пікірталас жүргізуге ынталандырады. Пікірталас милық штурмның максималды креативті режимінде жүргізіледі. Түрлендірілген идеялар, нұсқалар тақтаға немесе флипчартта жазылады. Терапевт бағытталған сұрақтар қою арқылы топты мынадай жағдайды түсінуге итрмелейді, өзінің ұстаздарына – оқытушыларына, ата-анасына, яғни оған өмірді үйреткендердің барлығына құрметпен қарайтын, соған қарамастан өз өміріне жол салған және оның жеке «конституциясы» болып табылатын сол жолмен жүру ережесі бар адам ғана өзін толықтай ересек адаммын деп санай алады. Әрине, бұл жерде оның «жеке конституциясы» ата-ана және ұстаздар айтқан нақылға қайшы келеді деген сөз емес. Олар да негізін қалаушы «құжаттарға» енгізіле алады, алайда ересек Мен субъектінің төрағалық етуімен

ішкі «парламент» маңызды тезистерді бекіткеннен кейін ғана енгізіледі. Бұл жерде критерий біреу ғана – бұл тезис-ережелердің барлығы өмірдегі өзінің орны туралы түсінікке және өмір жолында өз бетінше таңдаған бағытына қаншалықты сәйкес келеді. Осындай талқылау барысында ересек Мен субъектінің төрағалық етуімен өткізілген «ішкі парламент отырысында» жаңғыртылған психодрамалық әрекет идеясы туындауы мүмкін. Бұл жағдайда тиісті дайындықты жүргізгеннен кейінгі фрагмент (бұл жерде ата-ана – оқытушылар насихаттары, ережелер, тезистер теңестіріліп, «парламентте» олардың мүддесін білдіретін тиісті персоналдар таңдап алынуы керек; міндетіне әр мәртебе тың мүддесі жағынан нақылды талқылау кіретін, Мен-мәртебе ы – парламентерларын таңдау қажет. Осы әрекеттің негізгі терапевтік идеясы мен маңызды сәті – Мен-ересекпін деген тұлғалық мәртебе ты дамыту және актуализациялау болып табылады, оны терапевт және топ біріге отырып бекітеді). Егер де топ әртүрлі себептерге байланысты дайын болмаса, онда техикалық әрекеттің келесі кезеңіне өтеді. Терапевт қатысушыларға 3 адамнан тұратын микротоптарға бөлінуді және ішкі конститутцияның негізін құрайтын «құжаттарға» өздерінің ойынша бастамашыл пациенттің өзін-өзі төмен бағалауының тамырын жоюға көмектесетін «түзетулерді» дайындауды ұсынады. Соңғысы да микротаптардың біреуінің жұмысына қатысады (дұрысы, үлкен резиденттердің ішінен ең креативті әріптестер). Жүргізуші үлгі ретінде қатысушыларға «Билля о правах» нұсқасын (Бишоп С., 1996; Бубличенко М.М., 2007) тарата алады, техникалық әрекеттің мәні осы үлгілерге сүйене отырып, өзінің «ішкі конституция» нұсқасын құрастыруда екеніне назарларын аудару қажет, тек сонда ғана қажетті нәтижеге қол жеткізуге болады. Онда пациенттің келесіге құқықтары талқыланады: «Өзіндік пікірі немесе сенімінің болуы», «Қоршағандардың оның жеке пікірімен сәйкес келмейтін кеңестеріне назар аудармауға», «Қоршағандардың түсінуіне не түсінбеуіне қарамастан, өзінің жеке сезімдерінің (қандай болмасын) болуы», «Өзін кінәлі сезінбестен «жоқ» деп айту», «Өзінің қажеттілігі туралы айту», «Өзінің басымдылықтарын бекіту», «Өзінің сезімдерін ашық білдіру», «Мен түсінбеймін» деп айты», «Өзін менменшіл сезінбестен, өзінің пайдасына пікірін білдіру», «Өзінің пікірін өзгерту», «Кей кездері сәтсіздікке шыдау», «Өзінің мүддесін білдіру», «Басқалардың рұқсат етуіне тәуелді болмау», «басқа адамның көргісі келетіндей емес, өз-өзімен болу» және т.б.

Келесі кезеңде әрбір микротоп өздерінің нәтижелерін презентациялайды. Мұнда бастамашыл пациент (ұсынылған варианттарды қабылдау туралы шешім қабылдайтын Мен-ересекпін рөліне кіру) «ішкі конституцияның» ұсынылған нұсқасын белсенді талқылайды, сол арқылы өзінің жеке жобасын толықтырады және күшейтеді. Соның нәтижесінде «негізін қалаушы құжат» қалыптастырылуы тиіс – субъектінің өзін-өзі бағалауының жаңартылған сезімі стержені, ол сонымен қатар болашақ сценариімен байланыстырып тұрған өткел қызметін атқарады. «Ішкі конституциямен» жұмысты аяқтау бастамашыл резиденттің (терапевтік бағдарламаларда пациент алдағы жұмыстағы барлық техникалық әрекеттің жүргізілуіне дайын болғанда, осындай нәтижеге қол жеткізу заңды) жасалған жұмыстан қанағаттану және бір жаңа сезім алумен қоса жүруі тиіс.

Аяқтау кезеңінде «жаңа ережелер бойынша өмірлер» атты эологиялық тексеру жүргізіледі – бұрындары өзін-өзі төмен бағалауды шиеленістірген проблемалық жағдайлардан белсенді елестету және рөлдік ойындар техникасымен өтуге дайындық. Бұдан әрі қатысушылар күйін бағалаудың стандартты процедуралары және жасалған сессия материалдары бойынша пікірталас жүргізіледі. Топта позитивті өмірлік сценарилердің қалыптасуын және өзін-өзі бағалаудың айтарлықтай өзгеруін қабылдауға болатын нәтиже деп санауға болады.

9) Мінез-құлыққа акцентпен техника – бұл тәсілдің негізгі идеясы проблемалық жағдайларда сенімді мінез-құлық моделін бекітуде және теңестіруде, ол «көп векторлы тасқын» пайдаланып жүргізіледі.

Техникалық әрекеттің басында сәйкес келетін сұраулар, ұқсас проблемалық жағдайлар, эмоционалдық реакция ерекшеліктері, «жаңа ойлар», бұл жағдайларда сенімсіз мінез-құлықтың – яғни «өз-өзіне сенімсіздік» терминімен түсіндірілетіндердің барлығының теңестірілуі жасалады. Бұдан кейін, топтың креативті қолдау көрсетуімен бастамашыл пациентке сенімді әрекет етуге қарама-қарсы келетін бейнені құрастыру, сол күйде болған жағдайда оның не ойлап, нені сезінетіндігін елестетіп көру ұсынылады. Бұл жаңа бейне «баяулатынлған түсірілімде» ой, сезім, мінез-құлық өзгерістерінің динамикасы қалай дамып жатқанына түсініктеме жасай отырып, пациенттің санасында 2–3 қайтара ойналуы керек.

Техникалық әрекеттің келесі кезеңінде бастамашыл пациентке қатысушылар қатарынан (қажет болған жағдайда топты толығымен тартуға болады) арнайы микротоп қалыптастыру ұсынылады, ол топ оның жетекшілік етуімен бұрынғы проблемалық жағдайда дамудың жаңартылған нұсқасын көрсететін болады. Мұнда бастамашыл пациент реттілікпен келесі рөлдерде шығады: 1. режиссер; 2. суфлер; 3. дублер; 4. негізгі әртіс; 5. «ақпейілді мінші - кеңесші» - яғни сенімді мінез-құлық моделін әртүрлі жағынан игереді. Пациенттің белсенділігін терапевт және топ күшейтіп отырады. Техникалық әрекеттің осы кезеңінде – рөлдік ойын немесе толық психодрамалық фрагмент – ешқандай да артық асығыстық көрсетудің қажеті жоқ, керісінше бұл жерде маңызды жетістікке жетудің шарты – бастамашыл пациенттің өзі ойнаған рөлдердің «дәмін алуы» және өзі сомдаған сенімді адамның бейнесіне енуі болып табылады. Бірнеше «болжамдардан» кейін бұл рөл толықтай игерілуі мүмкін, мұны біздің клиент «режиссер» ретінде жетекшілік еткен «әртістердің» барлығы да растайды. Терапевт абайлап өзінің болжамдарын айтады, «жаңа, әлдеқайда кең және ыңғайлы киім клиентке ұнаған болса, ол одан айырылғысы келмейтін болар? Бірақ бұлай болған жағдайда, ескіні қайтеді?». Осы сұрақтарға берілген жауаптар пациенттің сенімді мінез-құлық дағдыларын қандай дәрежеде игергенін және ол бұдан әрі қандай осы бағытпен қалайша қозғалуды көздегенін көрсетеді. Бұл жерде пациенттің «тек жаңа киіммен жүру, ал ескіні шегеге іліп қойып, осы жаңа күйге қандай жағдайдан келгенін ұмыстпау үшін қарап тұру» туралы шешімі қабылдауға болатын нәтиже болып табылады.

Топтың барлығы осы бағытпен қозғалуы тиіс. Техникалық әрекеттің аяғында қатысушылардың күйін бағалау және жасалған сессия материалдары бойынша топтық пікірталас жүргізіледі.

10) «Уақыт сызығы» техникасы – терапевтік бағдарламада қозғалыс күрделілігінің күшіне қарай сенімсіздікті басынан өткеретін, сондай-ақ сауықтыру курсы аяқталғанан кейінгі алда тұрған өмірлік проблемаларды шешуді басынан қиындықтар өткеретін клиенттермен жұмыста пайдаланылады.

Негізгі терапевтік идея мынада: 1. «кері болашақ» заңын жеңуде, нәтижесінде алдағы «сынақтың» адекватты емес мәнінің терапевтік редукциясына келеді; 2. Релизинг стратегиясын пайдалану, проблемалық міндеттердің барлық кешенінің құрылымын түбегейлі қайта қалыптастыру, пациенттің уақыттың әрбір сәтінде ол үшін ең маңызды бір ғана міндетпен ісі болған кезде; жалпы проблемалар өрісін осылайша жинақтаған жағдайда пациент әрбір маңызды міндетті орындаған сайын оның күші мен ресурстары арта беретіндігіне, ал әр келесі проблеманың дәрежесі – азая беретіндігіне сенімді болады; 3. «ресурстық серфинг» стратегиясын пайдалану, оның барысында клиент «күш» нүктесіне – яғни бірінші реттік ресурстық мәртебе қа көтеріледі – ол жерде әлдеқайда жоғары дәрежелі жетістікпен (сенімділік, креативтілік) проблемалық жағдайларды адекватты шешу нұсқаларын көрсете алады.

Техникалық әрекет сәйкес сұрастыруларды анықтаудан, бұл жағдайда әңгіме болашақта туындайтын өз-өзіне, өзінің күшіне сенбеушіліктің дискомфорттық сезімі туралы екенін нақтылаудан басталады. Бұдан әрі техникалық әрекет келесідей реттілікпен жүзеге асырылады. Терапевтік сессия жүргізілетін бөлмеде болашақтың бағыты (бастамашыл пациент осы шақ нүктесінде орналасқан) анықталады. Осы бағыт бойынша проблемалық «нүктелер» (орындықтар) тізіліп қойылады, олардың әрқайсысы белгілі бір уақыт кезеңіндегі маңызды міндетті білдіреді. Мұндай түрдегі «тізбек» өте мұқият тілуі керек, онда маңызды міндеттер нақты жасалып, пациенттің пікірі бойынша шешілуі тиіс секторда орналасуы керек. Бұл «тізбекті» тізу барысында келесідей жапсарлас сценарий қалыптасады, клиенттің алдында үнемі оны шешуге күші жететіндей бір ғана маңызды проблемы тұратын болады. Бұдан әрі барлық маңызды проблемалар (олардың жалпы саны 5-6-дан аспауы керек) өзінің оңтайлы шешімін табатын рубежге дейінгі қашықтық анықталады. Бұл арақашықтық шынайы кеңістікте анықталады, онда параллельді түрде сәйкес келетін масштаб бекітіледі 1 қадам – 1 немесе бір жарым жыл, болмаса басқа уақыт кезеңі. Пациентке осы жердегі «мүсіншілердің» ішінен жеңімпаз - клиент статуясын «жасайтындарды» таңдап алуды ұсынады, ол статуя проблемалардың барлығы оңтайлы шешілген болашақтағы нүктеге орналастырылатын болады. Таңдап алынған қатысушылар ойын кеңістігінің басты нүктесіне жіберіледі, ол жерден олар тірі жеңімпаз - клиент статуясын «жасау» бойынша қажетті нұсқаулықтарды алады. Дайындық өлшеміне қарай бастамашыл клиент терапевтің ілесіп алып жүруімен осы шақ нүктеснен әртүрлі проблемалық аймақтарды басып өту арқылы белгіленген болашақ рубежіне орын ауыстырады (бұл жерде клиентті ресурстық-өзіне біріктіру микротехникасы; «кері болашақ» заңында айтылғандар; «реттілікпен күшейту» заңында айтылғандар

пайдаланылады), мұны клиент өзін комфортты сезінген темппен жасайды. Бұдан әрі кинестетикалық транс әкелумен «тірі мүсін» техникасы жүзеге асырылады. Мұнда мен-күштімін, сенімдімін, кез-келген жағдайда шешім табуға қабылеттімін деген айрықша тұлғалық мәртебе бекітіледі, тізбектің проблемалық аймақтарын жетістікпен өтіп, оларды өткен шаққа (маңызды сәт!) жатқызудың сценариі айтылады. Бірінші ресурстық жағдайға енудің айқын белгілері анықталғаннан кейін, терапевт өтіп кеткен жолдың сызығында тұрып, проблемалық міндеттердің белгілерін манипуляциялау және акценттелген сұрақтарды қою арқылы, клиентке артта қалғандай болып көрінетін проблемалардың нақты қалыптасқан шешімдерін айтқызуға қол жеткізеді. Проблемалық белгілер реттілікпен арақашықтықтан алынып тасталып отырады. Осылайша, маңызды міндеттер өздерінің адекватты шешімдерін тапқаннан кейін, клиент мүсіншілер бригадасының ілесіп алып жүруімен бастапқы нүктесіне оралады. Оның күйіне қатысты осы рубежде жүргізілетін кері байланыс, әдетте, клиенттің бірінші ресурстық күйінің сипаттамалары сақталатынын көрсетеді. Терапевт барлық проблемалар шешімін тапқан болашақ рубежіне дейінгі арақашықтықты қайтадан өлшеуді ұсынады. Әдетте, арақашықтық айтарлықтай қысқарады. Пациенттердің кейбіреулері проблемының шешімі табылғандықтан, болашақ енді келіп қойды деп те айтады. Топ және жүргізуші оны осыған орай құттықтайды. Бұдан әрі қатысушылардың күйін бағалау және және жасалған сессия материалдары бойынша пікірталас жүргізіледі. Терапевтік процеске қатысушылардың алдыларына келген қандай проблемалық мәселелер туындаса да – олардың барлығы шешілетіндігіне және өздерінің мүмкіншіліктерін барынша арттыру үшін қай жағынан келу керектігін білетіндіктеріне сенімінің артуын қабылдауға болатын нәтиже деп санауға болады.

11) «Уақыт машинасы» техникасы саналы өмірінің барлық кезеңінде болатын өз-өзіне деген сенімсіздіктің ауыр сезімін, тереңге енуін басынан өткеретін пациенттермен жұмыста пайдаланылады (мұндай пациенттермен терең жұмыс жасағанда Э. Эриксон бойынша өмірлік кризиске ұшырағаны, сол оның өз-өзіне деген базистік сенімінің жеткіліксіздігін қалыптастырғаны анықталады бұл жердегі негізгі терапевтік идея психотерапевтік кеңістіктің темпоральды гиперпластикасы және базистік сенімділікке қайта қол жеткізу есебінен субъектінің зақымданған жадысының орнын толтыру мүмкіншілігінде, ол өмірді қайта сүру сценариімен бекітіледі. Осы техникалық әрекетті жетістікпен жүзеге асырудың басты шарты – терапевтік топтың белгілі эмоционалдық контекстілердің барлық маңыздылығын түсінетін және бұл контекстілерді психодрамалық әрекеттерде көрсетуге дайын болатын пісіп-жетілуі болып табылады.

Техникалық әрекет көрсетілген өз-өзіне сенімсіздіктің проблемасын басистік ретінде теңестіріледі (яғни бастамашыл пациент тұлғасының қалыптасуының алғашқы кезеңдеріне жатқызылатын). Терапевт тақырыптық пікірталастың дамуына ынталандырады немесе осы тақырып терапевт арнайы күш салмастан-ақ, топтық пікірталастың тақырыбы болып «көтеріледі». Ол бар болғаны өз-өзіне базистік сенімсіздіктің себептерін анықтауда табандылық танытса болғаны, ол үшін топты мынадай ойға итермелесе болды, біреуге керек

болған кезде адам ақыр соңында сенімділік сезімін басынан өткереді, және осы керектілік, қажеттілік, оған қамқорлық көрсету сезімі онымен өмір бойы ілесіп жүруі тиіс. Ең болмағанда, ерте балалық шақта. Осылайша, топтық пікірталаста өз-өзіне деген базистік сенімсіздіктің себептерін талқылау барысында негізгі версия ретінде көңіл бөлушіліктің, қамқорлықтың, ата-анасы және басқа жақын адамдарға «қажеттілік пен керектілік» сезімінің (дамудың негізгі агенттері) жеткіліксіздігі айтылады. Топтық пікірталастың осы кезеңінде эмпатия, түсіну және қайғысына ортақтасу жағдайында кейбір пациенттердің өзінің бала кезінде және дамудың одан кейінгі кезеңдерінде басынан өткерген алаңдаушылық, зақымдаушылық эмоционалдық тәжірибесімен бөліскісі келетін аяқ асты сезім пайда болады. Бұл аяқ асты импульстар әдетте топтан қолдау табады. Терапевт бұл сияқты мойындаушылықтарға мәжбүрлеудің жоқтығын және толық қауіпсіздікті баса айта отырып, қатысушыларды ашық және белсенді болуға жайлап қана ынталандырады. Осы кезеңнің аяғында топ қатысушыларының көбінде қандай да бір дәрежедегі зақымдаушы эмоционалдық тәжірибе бар екені анықталады. Өз бойында мықты, берік сенімділік сезімінің қалыптасуына, қоршағандардың берген бағасына тәуелді болу дәрежесін төмендетуде негізгі кедергі болатын да осы. Осыдан кейін, топқа зақымдайтын тәжірибені коррекциялауға сұранысты нақты және конструктивті қалыптастыру ұсынылады. Туындаған терапевтік жобаларды талқылау топтың креативтік режимген енгенін көрсетеді, оның дамуына терапевт ынталандырады. Ол, мысалға, болып жатқан оқиғаларды уақыты (егер өткен шақта бір нәрсені өзгерту керек болса) жағынан біріктіру мүмкіндігі туралы айта алады – психотерапия өрісінде барлығы да мүмкін ғой! Осыдан кейін топқа уақыт машинасы идеясын іске асыру үшін шамалы ғана уақыт қажет, кейіннен анықталатынындай, ол айтарлықтай конструктивна. Бұдан әрі пациенттің психологиялық уақыт бойынша саяхат жасауға келісімін алу процедурасы жүзеге асырылады. Мұндай преамбула қауіпсіздіктің формальды сана-сезімі үшін ғана емес, осы әрекеттің терапевтік мақсаты туралы есіне салу (зақымдайтын тәжірибені компенсациялау) үшін, алдыңғы кезеңдегі артық тырысуды жою үшін, осы әрекеттің негізгі «құралының» дайындығын анықтау үшін, топ қатысушыларына адам үшін бұл әмбебап құрал – уақыт машинасы – алыста қалған өткен шаққа және көз жетпес болашаққа сондай жеңілдікпен апаратын оның жаны екенін ескерту үшін қажет. Дайындалып жатқан әрекеттің терапевтік презентациясындағы драмалық үзілістер, дауыспен жұмыс, келер сәттің өзіндік пафосы топтың мүддесін ынталандыруға және топты максималды мүмкіншілік дәрежесіне дейін тартуға есептелінген. Бұл бағыттағы соңғы және пәрменді қадам - «үлгілік шар» техникасы, ол бір жағынан болып жатқан жағдайға топтың мүддесін «арттыруы» керек, екінші жағынан –пациенттің психологиялық уақыт бойынша саяхаттауға пластикалық дайындығын көрсетуге тиіс. Шеңбер ортасында тұрған трапевт және пациент барлық қатысушыларға түсінікті болатындай дабылдар туралы ақылдасады, - егер де тұйық тұлғалық емес инстанция («пациенттің дайындалған жаны) өткен шаққа саяхат жасауды «ұйымдастыурға» келісетін болса, онда қатысушылар өткен шақтың психологиялық проекциясына қозғалыс импульсін көреді (бұл проекция пациенттің артқы жағында орналасуы керек), оған қоса терапевт осы «үлгілік

шар» барысында пациенттің өзінің ерте жасына қозғалыс жасауының шынайылығына көз жеткізу мүмкіншілігін көрсетеді. Ол терапевтік регрессияның масштабын да көрсете алады, мысалға, 1 сантиметр – 1 жыл. Егерде қандай да бір себептерден келісім алынбаса, пациент бастапқы қалпында қалады немесе керісінше, қарама-қарсы жаққа қарай жылжиды. Терапевт әрекеттің басты агентіне тиісті ырғақпен сөйлеп, мақсатты өзгерістерге қол жеткізу үшін – шартты белгілерде психологиялық уақыт бойынша саяхатты ұйымдастыру үшін серіктес болуға дайындығын растауды сұрайды. Ол пациенттің оң жағына және алдыңғы жағына орналасады, болашақтың проекциясын жауып, өткен шақтың проекциясын бос қалдырады. Оның сол қолы белсенді қатысушының артқа құлап кетуінен сақтайды (пациент мұны сезінуі тиіс), оң қолы көкірек қуысының маңына ақырын ғана тиіп тұрады. Біршама үзілістен кейін, әдетте қатысушылар пациенттің өткен шақ бағытында қозғалып бара жатқанына көз жеткізеді (егер бұл жағдай орын алмаса, онда қарсылықпен жұмыс жасау, алынған тәжірибенің позитивті интерпретациясынан кейін басқа топ қатысушысымен жұмыс жасау мүмкіншілігі бар). Осының артынша терапевт, драмалық үзіліс фонында, пациентке «үлгілік шарды лақтырады» (бұл кезде допты лақтырғандай етіп көрсететін процедура жасалады), оны қазір бес жасар бала (атын атайды) ұстап алатынын айтады. Оңтайлы жастық регрессия болған жағдайда, пациент допты «ұстап алады» және терапевтің допты қайтару туралы өтінішіне жауап ретінде «қайта лақтырады». Оның мимикасы және моторикасы айтарлықтай өзгереді, ол бес жасар баланың пластикасын қабылдайды. Пациентке (оның аты аталады) қызықты ойын шамалыдан кейін қайта жалғасатыны айтылады, ал ол сырғанақпен тез сырғанап «көңілді, қызықты және жылы болатын ең басына қайта келеді». Бұлай болғанда терапевтің жастық терапевтік регрессия жағдайына түскенде пациенттің ешқандай дискомфортты басынан өткеріп жатпағандығына, қоршағандармен өз қалауымен серіктес болғанына және оның болашақтағы өзгесірсетге дайын болуына көз жеткізгені маңызды, олардың форматы пациенттің максималды пластикалығының фонында беріледі. Бұдан әрі пациентті бастапқы нүктесіне қайтарады, мұнда «алға бір қадам шынайы психологиялық уақыт – жасқа қайтып келуді білдіреді». Бұл қадам жасалғаннан кейін , пациенттің күйі бағаланады (әдетте бұл өзгерістерге дайындықты көрсететін ресурстық күй). Бұл жердегі позитивті белгілер вербальды және вербальды емес деңгейлерде бастамашыл қатысушы көрсететін ашықтық және сенім білдіру дәрежесінің артуы болып табылады. Келесі техникалық әрекет пациенттің туғанға дейінгі жастық регрессиясын жүргізуді болжайды (терапевт бұл жөнінде пациентке және топқа хабарлайды), жаңа ғана алынған тәжірибеден кейін бұл мүмкін емес болып көрінбейді. Шын мәнінде, бұл техника туу процедурасындай етіп көрсетеді: пациенттен оның тіреуішке немесе орындыққа шығып тұруын сұрайды да, қайтадан тұлғалық емес инстанция - «уақыт машинасымен» біріге отырып әрекет ету шарттарын дыбыстайды, ондағы айырмашылық, енді артқа қозғалыс туу сәтіне қайтып баруды білдіреді (бастапқы тәжірибенің зақымдаушы компоненті бұл жерде алдыңғы техникалық әрекетте ұйымдастырылған сендірумен жабылады). Осы әрекетке дайындық барысында терапевт пациенттің арт жағында топ қатысушыларының қолдарын айқастыруынан жасалған «бесікті»

ұйымдастырады, ол пациенттің артқа қозғалысы оны қабылдап алуға дайын қолдардан басқа ешқандай кедергіге тап болмайтындай етіп жасайды. «Бесік» дайын болып, «ата-аналарға» нұсқау берілгеннен кейін (максималды мүмкін эмоционалдық экспрессияда олар пациенттің ата-анаға деген сұранысын көрсетулері керек, бұл бұған дейінгі техникалық кезеңде келісілген), терапевт тұлғалық емес инстанция - «уақыт машинасына» айналу процедурасын жүзеге асырады, жүргізіліп жатқан әрекеттің емшілік сипаты баса айтылады. Бұдан әрі, біраз латентті үзілістен кейін ауытқушылықтар болады да, содан кейін пациент дайындалып қойған, тірі «бесікке» құлайды, ол бірден өз қызметін орындауға кіріседі: ритмикалық түрде тербетеді, денелік толтыру және қарқынды эмоционалдық әңгімелесу (бұл тосын мәтіндегі бесік жыры болуы мүмкін, мұнда пациент – орталық фигура, көптен күткен қуаныш, ата-анаға сыйлық; болмасабаланың тууына орай қуанышты білдіретін жай ғана мәтін). Бұл жағдайлардағы оңтайлы белгі қоршаған ортаны жақсы қабылдауын, қуанышы, мүддесін және қанағаттануы сезімдерін көрсететін пациенттің вербальды емес реакциясы болып табылады. Бұдан әрі, жылдамдатылған тәртіпте, топтың шығармашылық қатысуы және эмоционалдық қолдауымен, бірінші кезекте, пациенттердің «ата-анасын» негізгі өмірлік талаптардан өткізу процедуралары жасалады (алғашқы қадам, ойын, оқу, құрдастармен достасу, конструкциялық әрекеттердегі жетістіктер және т.б.). Әр кезеңнен өту пациенттің бұл әрекетті жеткілікті түрде белсенді көрсете алмайтындығына қарамастан, дамытушы импульстерді, бастамаларды, қоршаған объектілерге және субъектілерге деген қызығушылықты, олармен серіктестікті позитивті бекітумен ілесіп жүру арқылы жүріледі. Егер пациенттің тиісті белсенділігі мүлдем белгіленбеген болса, қандай да бір кезеңге акцент жасаудың қажеті жоқ. Өйткені, қалай болғанда да, бұл жағдай бастысы, ішкі психологиялық өрісте ойналып жатыр және адекваттық вербальды, вербальды емес бекітуде айтарлықтай қарқынмен өткерілуде. Осылайша, пациент өзінің шынайы жасына дейін «өседі». Сол мезеттен бастап оқиға дамуының екі техникалық нұсқасы болуы ықтимал: а) пациенттің болашақтың психологиялық өрісіне бұрылыс жасауы, бұл жерде ол өзінің өмірлік жолының негізгі кезеңдерін «көруі» тиіс, атап айтқанда, өзінің екінші отбасынан (ата-анасының отбасы – біріншісі) позитивті эмоция ала отырып, өзінің туған балалары мен немерелерін қалай тәрбиелейтіндігін ; б) техникалық әрекет осымен аяқталады – психодрамалық процестің қатысушылар бастамашыл пациенттің «өмірге екінші рет келуімен құттықтайды. Бұл оның өмірдегі негізгі бастамасы мен әрекеті болуы да ықтимал».

Барлық қатысушылардың күйін стандартты бағалау, жасалған сессия материалдары бойынша пікірталас жасалады. Бұл жерде бастамашыл пациенттің базистік сенімсіздік сезімінің толықтай редукциясы, сондай-ақ – топтың тереңге кеткен, өткен шаққа тамыры жайылған проблемалардың өздері топтың белсенділігіне қарай шешіледі деген сенімінің артуы қабылдауға болатын нәтиже болып табылады.

